
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОР

Т.ЕНСЕГЕНҰЛЫ

ҚӨНЕ ТҮРКІ ШЫГАРМАЛАРЫНДАҒЫ ДӘСТҮР ЖАЛҒАСТЫҒЫ

В этой статье рассматриваются исторические связи, структуры произведениями, идеи, сюжеты, облики главных героев трех древних произведениях: «Күлтегин» – памятник рукописи на древне тюркском языке, написанный на высокой каменной стене, «Манас» – знаменитая киргизская народная поэма и всемирно известный дастан «Огузнама». Даются историко-типологическое заключение и научная концепция произведении.

Тюркский дух трех произведений, доблестная отвага и единство позволяют и по сей день оставаться вечным наследием человечества.

Makalede «Kültegin», «Manas», «Oğuzname» gibi Eski Türk eserlerinin tarihi bağlanuların eserin yapısı, düşüncesi, karakteri ve kahramanları açısından derin bir şekilde incelenir. Söz konusu eserler insanlığı bilik ve beraberliği kapsamaktadır ve insanlığın zengin bir mirası olmaya devam etmektedir.

Дана халық табиғат ерекші дарынды, парасатты етіп жаратқан тұлғаларды тауға теңейді. Мәдени құнды дүниелердің озығын да тауға теңеуге болады. Бағзы заманнан бізге жеткен қөне түркілердің рухани мұраларының ішінде зор маңыздылығымен асқар таудан да биігірек көрінетін мәңгілік шығармалар жетерлік. Мысалға, кек түркілердің Күлтегін жазба ескерткіші мен Қыргыз халқының “Манас” атты жыр-дастаны – түркілік-ұлттық намысты қоздырар қуаттылығымен биік шыңдай болып дараланыштанылған көлемді шығармалардың бірі.

Әуелгісі, қөне түркілердің дәу қабырға тасқа руна алфавитімен түсірген аса көлемді жазба ескерткіш. Екіншісі, негізінен, қыргыз елі жыршыларының (ырчи) айтуы бойынша сақталған фольклорлық ауқымды мұра. Бұл екі шығарма аласапыран заманың сұрапыл шайқастарын бірге көріш, басынан өткізген ежелгі дәуірдің ағайында, қатарлас қос батыр – кеменгерлері тәрізді. Тарихи-типологиялық тұрғыдан зерттегендеге осы екі шығарманың өзара үқсас жақтары көп екені байкалады. Әрі бұл әйгілі мұралардың әлі ашылмаған жұмбақ сырлары баршылық. Сол көздеңен мақсатты орындауда осы екі шығарманың ішкі, сыртқы сыр-сипатына тереңірек үzlу қажет болды. Күлтегін жазба ескерткіші мен “Манас” жыр-дастанының етене үқастығы сонша, екі шығарма да елің, жерін жаудан азат етіп, халқын бейбіт өмір сүрге жеткізуді басты арман еткен, отаны үшін жанын құрбан жасауға барған қас батырлардың қаһармандық ерлігін баяндауға арналған, кейінгі үршаққа үлгі және тозбайтын мұра есебінде жасалынған жыр-дастан.

Бұл екі шығармадағы басты тұлғалар Күлтегін де, Білге қаған да, Манас та өзге елдің езгісіне, қорлауына үшыраған халқын азаттықта жеткізу үшін ұлы жорыққа шығыш, қанды шайқасқа түсіп, ерен ерліктер жасайды. Демек, екі шығарманың идеялары да бірдей. Екі шығармада да қарсы жауды женуге үмтүлған ұлы жорықтардың дәуірі де салыстырыш қараса бір кезеңге

Т.Еңсегенұлы. Көне түркі шығармаларындағы дәстүр...

тоғысады. Екі шығармада да жер, су аттары сәйкес келеді. Екі шығарманың барлық жағынан осылай бірегей үйлесім табуы, бұл жыр-дастандарға бір кезеңнің күрделі бір оқиғалары өзек болған шығар деген болжам жасауға болады. Өйткені, Құлтегін жазба ескерткішіндегі есімі аталған жорықшы батырлар мен онда баяндалған оқиғалар өмірде болған тарихи есімдер мен айғақты нақты деректер. Осыған байланысты “Манас” эпосын Құлтегін жазба ескерткішінің аузында түргыда баяндалған, өзге де соған үқсас бірсыныра оқиғалар қосылған, кейінгі заман әсерімен ештеген өзгерістерге ұшыраған фольклорлық шығарма деуге келеді, шынымен солай ма?

Бұл көтерілген күрделі мәселенің ақиқатына көз жеткізу үшін әуелі екі шығарманы салыстырыш зерітеу нысана етілді. Құлтегін ескерткішінің бірінші жазба бөлімнің (кіші жазу) 9-ретпен орналастырылған бөлігінде түркілердің қағандығынан, елдігінен айрылып, өзге елдің қанауына түсіп, тентіреп кеткені айтылып, одан әрі:

Сендерді ел етіш көтерген
Қағанның тілін алмадың,
Жер-жерді кезіп, көбін қырылдың,
Тірі қалғандарың қаңғырыш, қалтырадың, –

деп жазылса, осы ескерткіштегі екінші жазба бөлімнің 7-ретпен орналастырылған жыр бөлігінде ұстемдік жасаған империяның шектен шыққан озырылғын бұрынғыдан да айқын көрсетіп:

Табғаш халқына бек үлдары құл болды.
Сұлу қыздары күң болды.
Түрік бектері түркі атын тастац,
Табғаш бектерінің табғаш атын тұтыныш,
Табғаш қағанына бағынды.
Елу жыл күші мен еңбегін соларға берді.
Табғаптар ішері, күн шығыста
Бекіл қағанына дейін жаулады.
Кері, батыста Темір қақпаға дейін жаулады, –

деп баяндаған [1, 33]. Осы жазба жолдарын оқығанда “Манас” эпосының “Әлеуке ханның қыргыздарға шабуылы” атты тарауындағы:

Әлеуке деген хан шықты,
Қаһарынан жан шықты

Мәнжу¹, қытай, қалмагы
Қаһарын шашты ызғарлы.
Жайнап тұрған қырғыздың
Жаққан отын өшіріп,
Анталған қырғыздың
Соры солай қайнапты.
Біреуі безген Алтайды,
Біреуі кеткен Қандайға
Біреуі босқан Еренгे² –

деп айтылған жыр шумақтары ойға оралды [2,31-32].

Екі шығармада да ерән ерлігімен даңқы шыққан басты-басты батыр тұлғалар бар. Олардың өмірі мен қаһармандық ерліктерінде де ұқсастық жетерлік. Мысалға, Құлтегін жазба ескерткішінде Ашина түкімінан тараған Бұмын, Истемі, Елтеріс (Құтлығ), Елтеріс қағанның інісі Қашаған, Құтлығ қағанның баласы Білге қаған, оның туған інісі, әскер қолбасшысы Құлтегін – түркі қағандығын орнату үшін құрескен нағыз қаһарман тұлғалар.

Ал, “Манас” эпосында Ораз түкімдары: Жақып, оның баласы Манас, Манастың туған інісі әрі серігі Алмамбет, Манастың ұлы Семетей, оның баласы Сейтек. Бұлар да қырғыз халқын жаудан азат етіш, бейбіт өмір орнату үшін құрескен нағыз батырлар. Екі шығармада да сол мақсаттарын орындау үшін соғыс жорықтарына шығады.

Екі шығармада да ел басқарған батырлар мен барша жұрттың езгі көрген жауға деген өшпендейділігі, басқыншы елдің қанауынан құтылудағы мақсат, міндеттері де бір-біріне өте ұқсас. Атап көрсетсек, Құлтегін ескерткішінің екінші жазба бөліміндегі 9-реттен орналастырылған бөлігінде табғаштардың алдауына түсіп, күң, құл болғанын кейін түсінген түркілердің жауға деген долы бұлқындысы:

Бұдан кейін бүкіл түркі халқы былай десті:
“Қағанды халық едім, қағаным қайда?!”
Қандай қағанға күш, еңбегімді беремін?!” – десті.
Осылай деп табғаш халқына жау болды, –

деп мәлімденген [3, 222]. “Манас” эпосында қырғыз халқының жауға деген өшпендейділігі:

Ораздың ұлы едік,
Біз де тәңірі құлы едік.

¹ Мәнжу – Манчжурия

² Еренгे – Иранға деген мағына береді.

Т.Еңсегенұлы. Көне түркі шығармаларындағы дәстүр...

Ежелгі іргелі ел едік.
Құтырған екен бұл қытай

Кырқысыш біз де өтелік.
Арыстандай шамданыш,
Шықты Жақып, Ақбалта.
Алшыс балуан қамданыш [2,35],–

деп баяндалған.

Екі шығармада да халыққа езгі көрсетіп отырған көне Қытай империясы, екі шығармада да қанаудан құтылмаған барша жүрг сол империяға қарсы құресуді көздеген. Осы келтірілген жыр жолдарына қараң, азап көрген бір елдің күш көрсеткен империяға қарсы бір кездегі жұмыла ұмтылған қаһарлы қимылы, яғни бір құрделі оқиға алдындағы бұлқыныс екі шығармада да арқау болған деп үйғаруға келеді.

“Манас” эпосында Алмамбет ақылды, айлалы іс-әрекетімен және жаужүрек батырлығымен айрықша дараланыш көрінген кейішкер. Ол жас шағында қытайға барып білім алған, соңдықтан ол ұстемдік жасаған елдің дәстүрі мен әскери айла-шарғысынан хабардар. Оның осындай озық ерекшелігін жырда:

Сол Алмамбет туғанда
Қытайдағы Бежинге¹¹
Жетпіс күндей күн жауып,
Төңген екен бір қауіш.
Алты жасқа келгенде
Жалғыз көздің еліне
Біліп талай тылсымды
Айдаһардан окуға
Жөнеп кетті Алмамбет.
Арыстан туған Алмамбет
Талай елге барыты [2, 201],–

деп айқын түрде баяндалған. Қырғыз халқының батырлық дастанындағы мына Алмамбет бейнесі түркі қағандығын орнатудағы жорыққа қатысқан Тонықек болмысын айнитпай көз алдымызға әкеледі. Тонықек те табғаш елінде білім алыш, сол халықтың ықшалында тәрбие алған. Ол жайындағы жинақталған мәліметтерге қарағанда Тонықек түркі дәстүрін, жазуын шебер менгерумен қатар, қытай халқының әдет-ғұрпын, әсіресе, олардың әскерді басқару тәсілдерін жақсы білген. Өйткені, бодан халық ұстем елдің заңымен өмір сұруға мәжбүр.

¹¹ Бежин–Пекин

Тарихи деректер мен зерттеу сәбектерде және Орхон жазбаларында түркілердің көптеген жылдар қытай империясының қарамағында болыш, солардың тәртібін қабылдаш, айдаудың жүргені шындық, барша жүртқа белгілі болған жәйт. Мысалға, францияның әйгілі ғалымы Ж.Денидің шәкірті, белгілі түркітанушы Л.Базениң: “Мудрый Тонькук является крупным военным и политическим деятелем в Тюркском каганате (в Монголии) в конце VII-начале VIII вв. пройсходившии из китайзированной тюркской “Мандаринской” семьи, большой знаток китайской культуры и одновременно тюркской письменности” [4, 372], – деп жазғаны біздің шікіріміздің нақтылай түседі.

Сондай-ақ, Тоныкек ескерткішіндегі бірінші ретпен орналастырылған белгіндегі:

Мен өзім дана Тоныкек
Табғап ықпалында тәрбие алдым.
Тұркі халқы ол кезде
Табғап хандығының қарамағында еді,—

деп баяндаған жазба жолдары да Тоныкек жайлы жасалған тұжырымның шынайылығын айқын танытады [1, 101]. Бірақ, осы зерттеу жасап отырған Құлтегін жазба ескерткішінде түркі қағандығының саясаткері Тоныкек жөнінде бір ауыз сез айтылмайды. Солай болғанымен, Құлтегін жазба ескерткішінде баяндалған атақты жорықтарға, қанды шайқастарға Тоныкек тікелей қатысыш, әскерді жеңіске бастағаны рас.

Зерттеу нәтижесінде танылғандай, Құлтегін ескерткішінде тек Аппина тұқымынан тараған түркі қағандығын орнатушы даңқты тұлғалардың ерен ерліктері жайлы ғана жазылған. Сонымен, түркі қағандығын орнатушылардың бірі Тоныкек кеңесші-батырдың болмысы “Манас” жыр дастанындағы Алмамбет қолбасшының бейнесіне өте ұқсас.

Сондай-ақ, Құлтегін мен Манастың жастайынан батыр болыш жетілуінде де ұқсастық бар. Құлтегін жазба ескерткішінде бұл қолбасшы ердің жастық шағы да кәдімгі батырлар жырындағыдан шыгарма желісіне қоса өріліп аталады. Мысалға, осы ескерткіштегі екінші жазба бөлімнің 30 және 31-реттермен орналастырылған бөліктерде Құлтегіннің жастайынан жетім болғанын білдіріш, табиғат оны батыр етіш жаратқаны ұғындырылған. Құлтегіннің он алты жасқа жеткенде соғыс жорығына қатысқаны баяндалды. Ал “Манас” эпосында қыргыз батырдың жастық шағы:

Сөйте жүріп Манастың
Жетіге жасы толыпты.
Койылған аты “Дәу жынды»,—

Т.Еңсегенұлы. Көне түркі шығармаларындағы дәстүр...

деп жырга қосып, Манастың жастайынан батырлардай алыш тұлғалы, ешкімнен жасқанбайтын ер мінезді болыш өскендігін мәлім етеді [2, 52].

Сол сияқты, Құлтегін жазба ескерткішінде бұл қолбасшы-батыр қайтыс болғанда туған ағасы Білге қаған қатты қайғырыш жоқтаған. Бұған осы ескерткіш тастың екінші жазба бөліміндегі 50-ретпен орналастырылған бөліктегі:

Інім Құлтегін о дүниеге кетті.
Өзім сағындым.
Жасар уақытты Тәңір белгілейді.
Адам баласының бері күресіп өлтелі туған.
Соншама қайғыланған ойландым,—

деп басталатын жыр шумактары дәлел [3, 233]. Осы Құлтегінге арналған жоқтау жыр “Манас” эпосындағы тарауларда елін жаудан қорғап, бейбіт өмір орнату жолында мерг болған батырларға арналған жоқтау жырлармен сабактас деуге болады. Мысалы, Құлтегінге арналған жоқтау оның ағасы Білге қаған атынан айтылса, “Манас” эпосында бұл батырға арналған жоқтау Манастың әйелі Қаныкейдің аузымен баяндалады және Манас дүниеден өткенде оның асыраған иті мен қыраны да батырдың өліміне қайғырады. Осы көрініс жырда:

Әкеңден қалған құмайың,
Дүниеден әкең өткенде
Аза тұтқан құмайың.
Ақсұңқары бар еді,
Әкең Манас өлгенде
Жібек бауын шалқалаң,
Үзіп кеткен Ақсұңқар,—

деп баяндалған [5,77-78]. Құлтегін қолбасшы дүниеден өткенде оның жауласқан көрші елдері де қоса қайғырып, арнайы келген өкілдер батырды жерлеуге қатысқаны тарихи шындық. Оған Құлтегін жазба ескерткішінде екінші бөліміндегі 51 және 52-ретпен орналасқан бөліктердегі:

Жылаш, қайғыға ортактасуға:
Қытай және таптарды бастап
Удар Сең үн келді,
Табғаш қағаннан
Үсій Лікенг келді,—

деген жазба жолдар дәлел [3, 233]. Манас батыр қайтыс болғанда барша жүрг түгел қайғырганы жырда әсерлеп беру арқылы жеткізілсе, Құлтегіннің

мәңгілікке көз жұмғанына жалшак әлемнің тегіс қайғырғаны азызға бергісіз ақиқат. Бұл шығармаларда осындай ұқсастықтар тізе берсе жетерлік.

Екі шығарманың егіздің сыңарындағы етепе туыстығының сырты қандай? Осы аталған мәселенің тарих пен әдебиеттану ғылымдары үшін зор маңызы бар екенин М.Әуезов айрықша атап көрсетіп, Орхон жазба ескерткіштері мен “Манас” эпосын бір-бірімен салыстырып қысқаша зерттең, ойлы шілдер айтыш, осы рухани мұралар жөнінде өз тұжырымдарын жинақташ білдірген.

М.Әуезов Орхон-Енисей жазба ескерткіштері мен “Манас” дастанының жасалған дәүірі жөнінде сөз қозғай келіп: “Фалевтің: “халық (қырғыз – М.Ә.) эпосы шығармаларын Орхон жазуларымен салыстыру әбден орынды” деген шілді мейлінше дұрыс. “Манастиң» қолда бар нұсқаларын одан әрі нақтылы әрі тереңдеп зерттеу эпостың құрамындағы ең көне элемент болып табылатын жекелеген соғыс көріністерін Орхон-Енисей жазуларында баяндалған оқиғалармен және эпостың Махмуд Қапқари жазып қалдырған үзінділерімен жан-жақты салыстыруды талап етеді”, – деп зерттеуде назар аударап мәселелерді еске салады [5, 17]. Расында, бұл ұсыныс түркілердің жазба ескерткіштері мен “Манас” эпосының сыр-сипатын ашуға көмектесетінің сөзсіз.

“Манас” дастанының туған уақыты жөнінде М.Әуезов: “Осының бәрін негізге ала отырыш, біз “Манастиң” туған кезеңі 840 жылдан әрі емес деген байлау жасаймыз. Тек бір жайды ғана үзілді-кесілді айтуға болады. Ол – дастаның сол кезде туған негізі “қырғыздың ұлы мемлекеттігі” кезеңін суреттегендігі”, – деп тұжырымын айқын білдіреді [5, 19].

Бұл ғалым мына келтірілген сөзінде көрсетілген жылдың қандай тарихи маңызы бар екенин түсіндіруге бармалты. Бұл саланы зерттеуші және білімді оқырман онсыз да біледі деп онша қындық тудырмайтын осы деректің төркінін ежіктең білдіруді артық санаған болар, ақиқатында сол аталған мәліметте терен сыр бар.

840 жылы қырғыз халқы тарихында айтулы оқиға болды. Сол жылы қырғыздар үйғырлармен соғысып, оларды ойсыратса жеңіш, үйғырлардың тозтоз болып бытыраш, қытай елі жаққа барып панарап, жан сақтауына мәжбур етті. Қырғыздардың үйғырларға қарсы жорығы және айтулы жеңіске жетуі – бұл елдің күш-куатының мықты екенин танытты. Өйткені, үйғырлар сол дәүірде қытай империясымен тығыз қарым-қатынаста болып, қыннылық жағдайда сол империяның қамқорлық көмегіне сүйенди. Сөйтіп 745 жыл мен 840 жыл аралығында үйғыр қағанатын орнатты. Үйғырлардың жүз жылдай өз алдына мемлекет болып тұрғанда 80 жыл манихей дінін қабылдауының сырды да осында жатыр, қытаймен бірлікте болды.

Бұл айтқанымызға И.В.Стеблеваның: “Вообще уйгурский каганат имел тесные связи с китайской империей и даже оказывал ей военную помощь против мятежников. В середине IX в. уйгурский каганат был разгромлен новым военнополитическим обединением тюркских племен-киргизами”, –

Т.Еңсегенұлы. Көне түркі шығармаларындағы дәстүр...

деген сөзі негіз [4, 11-12]. Сол қытай империясының қамқорлығына сүйенген ұйғырларды қырғыздардың күйрете жеңуі – қыргыз тарихындағы ұлы оқиға болыш саналып, қыргыз мемлекетінің абырайын асырды. Академик М.Әуезовтің: “Қыргыздың ұлы мемлекеті” деп жазуының төркіні осында жатыр.

Түркі қағандығы өмір сүрген 200 жылдай уақыт ішінде түркілерді біріктіріп империя құру бағытындағы ұлы жорықтардағы кейбір естен кеппес ауыр шайқастар оқиғасы “Манас” эпосында айқын көрініс ташқан сияқты. Атап айтқанда, қырғыздарға қарсы жорықтар, ондағы қыргын соғыс, қыргыз халқының қырылуы, ханның өлімі, қырғыздар ұйықташ жатқанда шабуыл жасалынып, олардың қашыда қалтуы, тағы сондай құрделі оқиғалар түркі қағандығы түсінде да болды фой. Сол жан түршіктірер соғыстарды қыргыз халқының ұмытуы, “Манасқа” қоспауы мүмкін емес. Бұрынғы салыстырыш талдағанымызды ескермегенің өзінде Күлтегін ескерткішіндегі екінші жазба бөлімнің 35 және 36-ретпен орналастырылған бөлігіндегі:

Біз қыргыз халқын
ұйықташ жатқанда басып алдық,
Қыргыз қағанын өлтірдік,
Оның жері мен елін алдық,—

деген жазба жолдары [3, 229]. “Манас” эпосындағы:

“Тілекті Манас берді” деп
Жатташ жалғыз осыны,
Жайбарақат ұйықтады
Қырғыздардың қосыны.
Ашып ауыз жүмғанша,
Қаңғай беттен көрінді
Бозала желек, қызыл ту.
Қырғыздан шыққан қырық шора
Алмамбет, Шуақ бастаған
Анық кірді ұрысқа.
Ауырды бұл кез Манастың
Арқа, мойын арасы—
Жанына батты батырдың
Айбалта салған жарасы
Иесін тауда қалдырған,
Арғымақ аттар бос қайтты,—

деген жыр шумағымен етene жалғастық тауыш түр, оқиғасы да ұқсас [5, 220-245]. Әрине, ауызша айтылған көлемді жырда оқиғаның кеңейтіліп

айтылатыны белгілі. Академик М.Әуезов: "Қыргыздардың мұсылмандылықта дейінгі тарихының батыры болған Манас", – деп көрегенділікпен айтқан [5,19]. Олай болса, тоғызынышы ғасырдың аяғында арабтар Орта Азияны түгел бағындырыш, өз билігін жүргізіш, өз жазуын енгізіш, ислам дінін қарқынды түрде қабылдата бастады. Бұған профессор Н.Келімбетовтың: Орта Азия мен Қазақстанның көп жерлерін араб басқынышылары VIII-IX ғасырларда жаулаш алғаны мәлім. Олар зорлықпен елдің бәрін ислам дініне енгізіш, араб тілін міндепті мемлекеттік тілге айналдырыды", – деген тұжырымы дәлел [7,135]. Оның үстіне, түркі қағандығы құлаған соң кепікпей сол аймақта орнаған Қарахан мемлекеті ислам дінін қабылдады.

Сондықтан "Манас" эпосындағы қыргыздардың Қытай, Манчжуриямен соғыстары және өзге де "Манас" жырына арқау болған құрделі оқиғалар б.з. 840 жылдың төнірегіндегі оқиғалармен сәйкестік табатын тәрізді. Расында, Манас батыр жайлы аңыз, жырлар ежелгі заманнан бері жалғасып келеді. Манас туралы алғашқы дерек Молла-ад-Диннің "Маджмут-таурих" атты еңбегінде (XVI ғ.) жазба түрде ұшырасады. Бұл кітап Ленинград университетінде сақтаулы.

Сонымен, "Манас" эпосына арқау болған бірсыныра көне оқиғалар өуелде түркі қағанаты дәүірінде туған деген байlam жасаймыз. Бұл жайлы бүрын айтылған бірнеше шікір, дәлелдермен қоса Л.Н.Гумилевтің: "Түрік қағанаты дәүіріне келіп тірелетін екінші сюжет "Алшамыс туралы батырлық ертек. Бұл ертегінің бірнеше түрі мәлім. Бірақ солардың неғұрлым көнесі Н.Улағалиев жыраудың аузынан жазып алған Алтайлық түрік "Алыш-Манаш". Алыш-Манаш өте дәү батыр болады; туыстары оны Қыргыз-ханның сұлу қызына үйлендіреді. Алайда Алыш-Манаш өз әйелін сүймейді, сөйтіп, Ақ-қаннның қызы Ерке Қаракшы сұлуды іздеуге кетеді. Ертегінің соңы басты кейіпкердің алдына қойған мақсатына өкініш білдірумен аяқталады. Оған сұлуға үйленуден гері кек алу артығырақ көрінеді де, ол Ақ-қаннды қызымен және жақын туыстарымен бірге өлтіреді.

Бұл өсиеттік элемент VIII ғасырдан жарық құн астынан орын алу үшін қиян-кескі күрес жүріп жатқан кезде мейлінше маңызды еді және ол да Иоллығ-тегін мен Тонықектің бағдарламалық ой-шікірімен ұндағын жатыр. Ертегінің біз талдаған бұл түрі, мүмкін, бірнеше қағанат кезінде туып, екіншісі тұсында өмір сүрген шығар және содан Алтайға өтіп, оларда біздің уақытымызға дейін сақталып қалған шығар деген ойға жетелейді", – деп жазған болжамы да негіз болады [8,347-348].

Бұған тағы қосарымыз, "Манас" эпосына өуелден Алтай жерінде болған оқиға арқау болыш әрі қарай жалғасады ғой. Осы айтқанымызға сол дастаңдағы:

Балта, Жақып басшысы
Қолдары тас байланыш,

Т.Еңсегенұлы. Көне түркі шығармаларындағы дәстүр...

Ауылымен зар тұтыш,
Жетті Алтайға айдалып,—

деген жыр жолдары дәлел [5, 37]. Мына жыр шумағы түркі империясын орнатқан атақты тұлғалар шыққан, қытайлар қыспагына көнбей Алтайға келиш орныққан Ашина тұқымын еске түсіреді. “Манас” эпосын кецирек зерттеген академик Э.Марғұлан да осы жырдың төркінін әріден бастаған, түркі қаганаты тұсындағы қытай империясына қарсы елдердің біргіш жорыққа аттанғандары оқиғалар дастанға өзек болғанын билдіріп: “Оның сюжет құрылышы мың жыл ішінде Орта Азия қолемінде болған оқиғалардан тізілген, оларды көп ақындар үрпағы ежелгі заманың алыш ері Манастың төңірегіне жинақтап айтқан”, – деп тұжырым жасайды [9,115].

Атақты ғалымның бұл билдірген байламы дұрыс. Десекте, «Манас» эпосын оқығанда Манас қазак-қырғыз халқының әйгілі батыры болып табылады. Сондықтан осы шығарманың қырғыз халқына қатысты тұстарын, әсіреле қырғыздардың ұлы мемлекетін орнатудағы жорықтар мен оқиғаларды естен шығармау қажет-ақ. Сондай-ақ, Сібір қырғыздары айналасындағы елдерге ұstemдік жүргізгені біраз жәйтті аңғартады. Мысалға, “Манас” эпосында қытайға қарсы үлкен шайқасқа шығар алдында сол ел туралы жырда:

Шама шөлден өткенде,
Түпкі қытай елі бар.
Тұп Бежиндей¹ шәрі бар
Берекелі қытайды
Бес жұз ру ел деген
Қастасқан жаудан қан ішпей,
Қайтпайтұғын анты бар.
Топан су мұнда кірмеген
Рұстем, Дастан, Іскендір
Аттың ізін салмаған
Күсында Құлқа бар,—

деп баяндайды [5,139]. Демек жырда қырғыздардың ұstemдік жасаған, өштескен жауын жеңу үшін сол елдің жерін, шекарасын және тарихи-әлеуметтік жағдайын жетік біліп алғандары айқын танылып тұр. Манас батыр жайлы жырдың кейбір нұсқасы Алтай өңірінен көрініс табуы көп нәрсені аңғартады, бұл мәселе арнайы зерттеуді қажет етеді.

Қырғыздардың батырлық эпосы жайлы Г.Қасымова: “Манас” жырында суреттеген үлкен оқиғалардың қатарында Орта Азияда, Шағатай ұлысында, Монголстан жерінде болған тарихи оқиғалар, Темірдің, оның үрпақтарының

¹ Тұп Бежин – Үлкен Пекин.

Монголстанға жорығы болса, бергі тарихи дәуірден Құба қалмақ заманы, сол кездегі тарихи адамдар (Қара-Құла, Галдан хан) жырланады”, – деп өз ойын білдіреді [10,55]. Г.Қасымованаң осы айтқанына құлақ асып илансақ, қыргыз халқының әлемге танытқан төл мұрасы атанған “Манас” эпосы бұл халыққа ешқандай қатысы жоқ болыш шығады. Екіншіден, сол эпос ежелгі заманнан бергі көне түркілер мекендереген жерде болған айтулы оқигалардың жиынтық жыр-шежіресі болыш танылады.

Қысқасы, “Манас” эпосы – қыргыз халқының ұлттық рухын, нағызын, жігерін, ұлттық мінезін, отанға, жерге, елге деген сүйіспеншілігін, сол жолдағы жанқиярлық ерліктерін және осы халықтың гуманистік бітім-болмысын таныттын шығарма, эпостың идеясы да, концепциясы да осы. Соған сәйкес, “Манас” эпосына ежелгі заманнан бері қыргыз халқының өз жері, сұры, азаттығы және еркін, бейбіт өмір сұру жолындағы, сөйтіп, бүтін ел болыш қалыптасудағы ерлік істері арқау болған.

Бұл эпостың негізгі жұлыны, шығарма өзегі – “қыргыздардың ұлы мемлекеттігі” кезеңіндегі оқигалар, яғни, қыргыздардың 840 жылғы өздеріне езгі көрсеткен елдерге қарсы жорықтардағы қаһармандық ерліктері шығарманың ең басты оқигасы болыш табылады. Бұған қоса, түркі қағандығын – түркі империясын орнатудағы Ашина тұқымынан тараған көк түріктердің атақты тұлғаларының қаһармандық жорықтарындағы ірі оқигалардың бірсышырасы осы эпосқа желі болғаны сөзсіз. Құлтегін жазба ескерткіші мен “Манас” эпосы шығармаларындағы ұқсастық сырь осында жатыр. Бұл түркі шығармаларында қалыптасқан ортақ дәстүр.

Осы эпос, негізінен, қыргыз халқының зерделі азаматтары Сагымбай Оразбақов пен Саяқбай Қаралиевтардың ауызша айтуы бойынша жазып алғынған, бұл дастаның бірнеше нұсқасы бар. Соған орай, “Манас” дастанын айтушылар осы шығармадағы түркілердің қағандық құру дәуіріндегі оқигаларды сақтай отырып, одан кейінгі кезеңдердегі қыргыз халқы басынан өткен елеулі оқигаларды енеп қосып жырлағаны байқалады. “Манас” эпосына, негізінен түркі қағандығын құрудагы тарихи оқигалар өзек болғандықтан, бұл шығарма Орхон бойындағы дәу мәрмәр тастарға түсірілген көне түркі руна жазбаларымен де етene туыстас.

“Оғызнама” шығармасының Құлтегін жазба ескерткішімен етene сабактас жақтары ете көп. Бұрын бұл дастанды арнайы зерттеп, талдау жасап, ғылыми тұрғыда бағасын бергендердің [11,54], “Оғызнама” шығармасының сыр-сипатын түгел айтып, түсіндіру артық болар, тек осы дастаның Құлтегін жазбасына қатысты тұстарын қысқаша сөз ету көзделді. Оғыз қаған жайлы дастанды оқығанда, сол мұраның түп-төркіні тым әріден басталатыны сезіледі. Оны мынадан байқауға болады. Осы дастаның ұйғыр және араб әршімен қағазға түсірілген бірнеше нұсқасы бар. Сол нұсқалардың бәрінде бұл шығарма екі бөлімнен тұрады. Біріншісі, Оғыздың дүниеге келіп ер жетуі, елінің қамын ойлайтын азамат болыш қалыптасуы. Екіншісі, Оғыздың

Т.Еңсегенұлы. Көне түркі шығармаларындағы дәстүр...

елін, жерін қорғаң, бейбітшілік орнату үшін айналасындағы тайпаларды бағындыруы, ұлы жорықтарға шығып, шайқасқа қатысып, жеңіске жетуі.

Бірінші бөлімде Оғыз тез ер жетіш халқына азап көрсеткен Мүйізтұмсықты өлтіреді, ол оның етін жеген бір сұңқардың да көзін жояды. Оғыз көктегі Тәңірдің жарылқауымен бірінен соң бірі гайыштан түскен екі сұлуға үйленіп, балаларының есімдерін Күн, Ай, Жұлдыз, Кек, Тау деп қояды [11, 57]. “Оғызнама” шығармасының бірінші бөлімі түркілер табынған Тәңірлік діннің негізі жазылған қасиетті “Авеста” кітабымен туыстас [12, 63-119]. Оғыздың адам тұқымына шабуыл жасаған Мүйізтұмсықты өлтіруі – “Авеста” кітабындағы жақсылық әкелуші Ахура Мазда мен оның жақтаушыларын жөне жамантылық жасаушы Ахриман (Ақырзаман) мен оның көмекшілерінің бітіспес күресін еске түсіреді [12, 208].

Сондай-ақ, “Оғызнама” шығармасындағы Оғыздың балаларының есімдері “Авеста” кітабындағы жарылқауушы құдірет Күн, Кек, Жұлдыз, Су, Жер құдайлары туралы гимн-жырларды ойға оралғады [13,138-168]. Өйткені, көне түркілер көктегі жалғыз жаратушы Тәңірге табынумен бірге сол құдірет жасаған табиғат бөлшектері күнге, айға, жұлдызға, отқа, суға, тауға тағым еткен. Тәңірлік дінге бас иген Оғыз көктен рахым тілең, балаларына табиғат бөлшектерінің атын қойған.

Сонымен, Құлтегін жазба ескерткіші мен “Оғызнама” шығармасының басты желісі – түркілердің Тәңірге табыну нағымы. Мысалға, Құлтегін ескерткішіндегі екінші жазба бөлімнің 10 және 11-ретпен орналастырылған бөліктерде бытыраш жойылуға жақындаған түркілерді жалғыз жаратушы жарылқайды, сол жайт жырда:

Сонда көктегі түркі Тәңірісі,
Түркілердің қасиетті жері,
Қасиетті сұыбылай деңті:
Түркі халқы жойылмасын деңті.
Тәңірі өз билігінде тұрып басшылық етті, –

деп баяндалған [3, 222]. “Оғызнама” дастанында да көктегі жалғыз құдіретке Оғыз жалбарынғанда тілегені орындалады. Сол әрекет шығармада: “Тағы бірде Оғыз қаған Тәңірге жалбарынды. Содан айналаны қараңғылық басқанда көктен бір жойқын жарық түседі. Оғыз арнайы барып қараса, басында оттай жарқыраған мені бар аса сұлу қызы көрінеді. Оғыз қаған соған үйленеді, ол үш ер бала туады”, – деп мәлімденген [14,57]. Түйіш айтқанда, екі шығармада да батырлардың алдына қойған мақсаттары көктегі Тәңірдің әмірімен орындалады.

Құлтегін жазба ескерткішінде түркі қағандығын орнатудағы айтулы жорықтар, жаумен шайқас тағы басқа зор жеңістер жөнінде баяндалса, “Оғызнама” дастанында да сондай, қаһармандық жорықтар, адам

таңданарлық ерліктер жөнінде айтылады. Мысалы, Құлтегін ескерткішіндегі бірінші жазба белімнің (кіші жазу) 2-ретпен орналастырылған белігінде Білге қаған:

Алдағы – күн шығыстағы,
Оң жақта – күн ортасындағы,
Кейінгі – күн батысындағы,
Сол жақта – түн ортасындағы
Көп халық осы аралықтағы
Түгел маған бағынады,—

деп үндеу тастаған болса [3, 217], “Оғызнама” шығармасында Оғыз қаған дүниенің төрт жағына жарлық жазып, елшілер арқылы таратады. Онда ол өзін дүниенің төрт белігінің қағаны болатының, осы талабын қабылдағанмен сыйласып, тату-тәтті тұратының, ал бұл тілегіне қарсылық білдіргендеге соғыс апыш, талқандайтынын білдіреді [14,46].

Түйіш айтқанда, екі шығармада да түркі қағандығын орнатудағы жеңіске жеткізген ұлы жорық оқиғалары және айналадағы елдерді бағындыру мәселеісі желі болған. Екі шығармада да, негізінен соғыс жорығы өткен жер атаулары сәйкес келеді. Атап айтқанда, Құлтегін ескерткішінің екінші жазба беліміндегі 37-ретпен орналастырылған циклда:

Алтун орманын айналыш өтіп,
Ергіс өзенін кеше өттік,—

деп жазылса [3, 229], “Оғызнама” шығармасында: “Оғыз қаған Итін өзенінен өте алмай дағдарды. Сол сөтте өз ішінен бір адам ағаштан сал жасады, барлығы түгел арғы бетке өтті”, – деп баяндалған [14, 58].

Орхон жазбаларында түркі қағандығын орнатудағы жорықтар кезінде ел билеген қағандардың бірнешеуінің акылшы, кеңесшісі дана Тонықек болды. Оған Тонықек жазба ескерткішіндегі 15-ретпен орналасқан беліктегі: «Менің қағаным – өзім акылды Тонықектен баяндалған өтінішті тыңдауды ұйғарды», – деген жазба жолдар айғақ [3, 343]. “Оғызнама” шығармасында Оғыз қағаның ақсақалды, ақ шашты ақылгөй қарты – Ұлық Түрік. Тонықек те көп жасаған кісі. Білге қаған мен Құлтегін билік жүргізіп, соғыс жорықтарын бастаған тұста Тонықектің жетістен асып, қартайғаны тарихи деректерден мәлім. Бұған Л.Н.Гумилевтің: «Әбден қартайғандықтан дана Тонықек енді түрік жасақтарын басқара алмайтын болды», – деп жазғаны дәлел [8, 312].

Сонымен, Құлтегін жазба ескерткішінде де, “Оғызнама” дастанында да түркі қағандығын орнатудағы ұлы жорық шашқыштылығының айтулы оқиғалары арқау болған деп тұжырым жасауға болады. Құлтегін жазба ескерткіші тарихи ерлік дастаны болса, “Оғызнама” шығармасы мифтік

Т.Еңсегенұлы. Көне түркі шығармаларындағы дәстүр...

сарын басым ерлік дастаны. Екі шығармадағы оқиға дәуірі түркі империясын орнату кезеңі, шығармалардағы сюжет те сол тұстағы құрделі оқиғалардан құралған.

Айрықша айтатын жәйт, екі шығарма да жалаң фактологияға құрылған емес. Қос мұраға жойқын қуат беріп тұрған түркі қағандығын орнатудағы тарихи ерлік жорықтар, ал қаһармандық жорыққа бастап тұрған түркілік рух. Сол айтулы оқиғалар арқылы түркілік-ұлттық рух әрбір жүрекке сөнбейтін от тастайтында болыш лауласп тұр. Сонымен қоса, екі шығармаға да арқау болған өмірдің шындық оқиғалары мен түркілік намыс, сана, жігер осы туындылардың мәнгі жасауына жол ашып берді, халықтың қажетіне жараган тозбайтын рухани дүниелер осылай жасалынады.

ӘДЕБІЕТТЕР

1. Ucurlu K. Orhun anitlari. Ankara, 1998, 307 б.
2. Манас. Қырғыз халқының батырлық дастаны. Бірінші кітап. Алматы: ҚМКӘБ, 1961.
3. Еңсегенұлы Т. Көне түркі руна жазба поэзиясы. Екінші кітап. Орхондағы түркі руна жазба дастандары. Алматы: Білім, 2008, 409 б.
4. Базен Л. «Концепция возрасти у древних тюркских народов»: Зарубежная тюркология. Выпуск–1. М: изд. Наука, 1986, 381 с.
5. Манас. Үшінші кітап. Алматы: ҚМКӘБ, 1962.
6. Поэзия древних тюрков VI-XII веков. М: Раритет, 1993, 170 с.
7. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. Алматы: Ана тілі, 1991, 261 б.
8. Гумилев Л.Н. Көне түріктер. Алматы: Білім, 1994, 502 б.
9. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аныздар. Алматы: Жазушы, 1985, 340 б.
10. Қасымова Г. Қазақ шешендік ернектерінің негіздері. Алматы: Білім, 2003.
11. Еңсегенұлы Т. Атамұра. Алматы: Ғылым, 1997, 202 б.
12. Еңсегенұлы Т. «Авеста» – түркілерге ортақ мұра. Алматы: «Тоганай Т», 2011, 389 б.
13. Еңсегенұлы Т. Қазақ әдебиеті тарихының арғы арналары. Алматы: Білім, 2001, 289 б.
14. Оғыз–наме, Мұхаббат–наме. Алматы: Ғылым, 1986, 200 б.

REZUME

T.ENSEGENULY (Turkistan) CONTINUATION OF THE ANCIENT TRADITIONS OF TURKIC WORK

This article deals with comparison between three ancient works monument of “Kultegin” manuscript, which was written on a high wall in ancient Turkish language, famous Kirgiz national poem “Manas” and “Oguznama”. There was made historical-typological researches about historical connections, structures, ideas, plots, appearance of the main characters and another similarities of these works. Turkish spirit of three works, valorous courage and unity make them a legacy of people nowadays.